

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 "Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 472 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 18 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6576 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 290 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 09.06.2025 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5962 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқару және басқа да мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері 2010 жылғы № 2 Бюллетенінде жарияланған) бұйрығына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесінде:

1-тармақта:

төртінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бюджеттік есепке алу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.";

бесінші абзацта "(бюджет профицитінің орындалуы)" деген сөздер "(бюджет профицитін пайдалану)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті үшін (әрі қарай - Қазынашылық комитеті) құрылымдық бөлімшелердің осы Ереженің 12, 13, 14, 15, 16, 17, 23, 24-қосымшаларына сәйкес есептері республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын есепке алудың бастапқы құжаттары болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 7-1 және 7-2-тармақтарымен толықтырылсын:

7-1. Жергілікті бюджеттің атқарылуын күнделікті есепке алу үшін, аумақтық қазынашылық бөлімшелері бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға электрондық тасығыштарда тиісті жергілікті бюджет бойынша жиынтықта "Ақылы қызмет, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ қалдықтары туралы есеп" 5-34А нысанын ұсынады.

7-2. Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар 2-19, 5-20, 5-34, 5-34А, 5-52 есептілік нысандары бойынша бір күндегі айналымды салыстыруды іске асырады:

5-34, 5-34А нысандары бойынша есептің "Кіріс қалдық", "Дебет", "Кредит", "Шығыс қалдық" бағандары бойынша "Жиыны" жолының бір күндегі жалпы сомасы 5-20 нысаны бойынша есептің "Кіріс қалдық", "Дебет", "Кредит", "Шығыс қалдық" бағандарының "Жиыны" жолының бір күндегі жалпы сомасына тең болу керек;

5-20 нысаны бойынша есептің "Дебет" бағаны бойынша "Кірістерді бөлу" және "Кредит" бағана бойынша "Кірістерді бөлу" жолдары сомалары айырмасының бір күндегі сомасы 2-19 нысаны бойынша есептің осы бюджеттің бір күндегі түсімдерінің сомасын көрсететін бағандағы тиісті бюджет жолындағы сомаға тең болуы керек;

"Кірістерді бөлу" жолы мен "Дебет" бағанының "Шығыстарды қалпына келтіру" жолын қоспағандағы 5-20 нысаны бойынша есептің "Кредит" бағаны бойынша "Жиыны" жолы айырмасының бір күндегі сомасы "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" 5-52 нысаны бойынша есептің "Бір күндегі шығыстар" бағаны бойынша "Барлығы есеп бойынша" жолының сомасына сәйкес келуі тиіс;

5-34 нысан бойынша есептің "Кіріс қалдық" бағаны бойынша "Жиыны" жолының бір күндегі сомасы алдыңғы операциялық күннің 5-34 нысаны бойынша есептің "Шығыс қалдық" бағаны бойынша "Жиыны" жолының сомасына сәйкес келуі керек.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бюджеттердің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу мынадай есепке алу тіркелімдерінде жүргізіледі:

осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Бас-журнал" кітабы;

осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шоты бойынша мемориалдық ордер;

осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемориалдық ордер;

осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қолма-қол ақшаны бақылау шоттардың толық жазылуы (ақылы қызметтерінің ҚБШ, демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ, ақшаларды уақытша орналастыру ҚБШ,

қаражатты тартуға арналған шоттар, Қазақстан Республикасының Ұлттық қордың (әрі қарай - Ұлттық қор), материалдық резервтер, соманы анықтауға дейінгі шоттарды есептеуге арналған);

осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша БҚШ-тан салымдарға (депозиттерге) орналастырылған сомалардың толық жазылуы;

осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Жергілікті бюджеттерден депозиттерге орналастырылған сомалардың толық жазылуы;

осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бюджеттердің түсімдері мен шығыстары бойынша сомалардың толық жазылуы;

осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес № 1 нысан бойынша Қазынашылық комитетінің балансы;

осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес № 1-М нысан бойынша Жергілікті бюджеттің атқарылу балансы;

осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес № 2 нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп;

осы Ереженің 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бюджеттік кредиттерді есепке алу кітабы;

осы Ереженің 12-қосымшасына сәйкес № 3 нысан бойынша Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлері бойынша қарыздары туралы есеп;

осы Ереженің 13-қосымшасына сәйкес № 4 нысан бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне үкіметаралық келісімдер бойынша берілген кредиттер бойынша есеп;

осы Ереженің 14-қосымшасына сәйкес № 5 нысан бойынша Мемлекеттік сыртқы қарыздар бойынша есеп;

осы Ереженің 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдар резервтерінің жұмсалуды жөніндегі ақпарат;

осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік мекемелердің аккредитивтер сомаларын есепке алу үшін шоттарындағы қалдықтар туралы мәліметтер;

осы Ереженің 17-қосымшасына сәйкес № 6 нысан бойынша Шетелвалютасы шоты бойынша операциялық күннің жабылуы туралы есеп;

осы Ереженің 18-қосымшасына сәйкес № 2-М нысан бойынша Жергілікті бюджеттің ақша қозғалысы туралы есеп;

осы Ереженің 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Шетел валютасы түрлері бойынша шоттардың толық жазылуы;

осы Ереженің 23-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ҚБАЗ-да операциялық күннің жабылуы туралы есеп;

осы Ереженің 24-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Инвестициялық жобалар шегінде сыртқы қарыздардың жұмсалуды жөніндегі ақпарат.";

9-тармақта:

бірінші абзацта:

"күнгі" деген сөз "күндегі" деген сөзбен ауыстырылсын;

"бюджеттік есепке алу" деген сөздер "бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есепке алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Сыртқы қарыздар бойынша есеп операциялардың өтуіне байланысты жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бастапқы құжаттардағы жазбалар оларда жазбалардың ұзақ уақыт бойы сақталуын қамтамасыз ететін жазба құралдарымен ғана жүргізілуі тиіс.";

үшінші абзац "қалыптастырылады" деген сөздерден кейін "және мемориалдық ордерлердің қосымшасы болып табылады" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақ бойынша:

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Бас-журнал" кітабында шығарылған қосалқы шоттар бойынша сомалар негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қоятын ағымдағы қаржы жылының 1 шілдедегі, 1 қазандағы және есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша баланс жасалады.";

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Қазынашылық комитетінің балансы БҚШ, республикалық және жергілікті бюджет ҚБШ, сыртқы қарыздар бойынша шоттың, ақылы қызметтерінің ҚБШ, демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ, ақшаларды уақытша орналастыру ҚБШ, Ұлттық қордың, нысаналы қаржыландыру ҚБШ, материалдық резервтер, шетел валюта түрлері бойынша шоттардың, соманы анықтауға дейінгі шоттардың, қаражатты тартуға арналған шоттың, ЖБ жетіспеушіліктері бойынша шоттары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (әрі қарай - Ұлттық Банк) салымдарына (депозиттеріне) орналастыру шоттары бойынша қалдықтарын көрсетеді.

Жергілікті бюджеттің атқарылу балансы тиісті жергілікті бюджеттің ҚБШ, тиісті ақылы қызметтерінің ҚБШ, демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ, ақшаларды уақытша орналастыру ҚБШ, ЖБ жетіспеушіліктері бойынша, Ұлттық Банк салымдарына (депозиттеріне) орналастыру, сыртқы қарыздар бойынша шоттардың қалдық сомаларын көрсетеді.

Баланс жасалғанға дейін синтетикалық есепке алу шоты бойынша айналымдармен және қалдықтармен бірге талдамалы шоттар бойынша айналымдар мен қалдықтарды салыстырып тексеру жүргізіледі.

№ 2 нысан бойынша БҚШ-ғы ақша қозғалысы туралы есепте есепті кезеңдегі ақша түсімдері мен шығындары көрсетіле отырып, ақшаның жыл басындағы және есепті кезеннің соңындағы қалдықтары көрсетіледі.";

11-тармақта:

екінші абзац алынып тасталсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кітапта берілген және өтелген бюджеттік кредиттердің сомалары бойынша операциялар жазылады.";

12-тармақтың үшінші абзацы "Қателер" сөзінің алдынан "Осылайша" сөзімен толықтырылсын.

16-тармақта:

"нысан бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

"17" деген сан "20" деген санмен ауыстырылсын;

17-тармақта "18, 19" деген сандар "21, 22" деген сандармен ауыстырылсын;

18-тармақта:

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде (әрі қарай - Ұлттық Банк) ашылған банктік шоттардағы" деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші абзацтағы "Шетел валютасындағы" деген сөздер "Шетел валюталарының түрлері бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақта:

екінші абзац алынып тасталсын;

үшінші абзацта "510" деген сан "600" деген санмен ауыстырылсын;

21-тармақта:

бірінші абзацтағы "Шетел валютасындағы корреспонденттік шот" деген сөздер "Шетел валюталарының түрлері бойынша корреспонденттік шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші және төртінші абзацта "440, 450" деген сандар алынып тасталсын;

23-тармақтың бірінші абзацында "республикалық бюджеттің" деген сөздер алынып тасталсын;

25-тармақта:

бірінші абзацта:

"және жергілікті бюджеттер," деген сөздерден кейін "сыртқы қарыздар бойынша шоттардағы" деген сөздермен толықтырылсын;

"тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу" деген сөздер "ақылы қызмет ҚБШ-дағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының (әрі қарай – Ұлттық қор)" деген сөздер алынып тасталсын:

"бөлінбеген түсімдер" деген сөздер "анықтауға дейінгі сома" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот";";

он төртінші абзацта "шот" деген сөз "сомалар шоты" деген сөзбен ауыстырылсын;

26-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"300 РБ ҚБШ-да түсімдер қосалқы шотының дебеті және 390 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.";

27-тармақтағы екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ЖБ ҚБШ түсімдері 301 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі. Артық (қате) төленген бюджетке төленетін түсімдер сомасын қайтару 600 қосалқы шоттың дебеті және 301 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 27-1 тармақпен толықтырылсын:

"27-1. 302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот" қосалқы шотта сыртқы қарыздар бойынша ақша қозғалыстары есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша шотта ақшалар түсімі 302 қосалқы шоттың дебеті және 610 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Сыртқы қарыздар бойынша шотта қарыздар қаражатын жұмсау 510 қосалқы шоттың дебеті және 302 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.";

28, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 37, 39, 52 тармақтардың екінші абзацындағы "510" деген сан "600" деген санмен ауыстырылсын;

34-тармақтағы үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық қордың ҚБШ жүргізілген түсімдер сомаларын аудару 500 дебеті және 340 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.";

36-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"36. 360 "Анықтауға дейінгі сомалар шоты" қосалқы шотында анықталмаған және бөлінбеген түсімдер шотындағы ұлттық валютадағы ақшалар есепке алынады.";

екінші абзацта "Бөлінбеген түсімдер шоты мен ҚБШ арасындағы түсімдерді бөлу" деген сөздер "Танылмаған және бөлінбеген шоттан түсімдерді ҚБШ арасында қайтару" деген сөздермен ауыстырылсын:

38-тармақта:

бірінші абзацта "бюджеттердің" деген сөздерді "уақытша бос ақшалары" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта "аумақтық қазынашылық бөлімшелеріндегі" деген сөздер алынып тасталсын;

39-тармақтың төртінші абзацында "510", "390" деген сандар тиісінше "390", "300" деген сандармен ауыстырылсын;

40, 41, 42, 43 және 44-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"40. 4 "Шетел валютасындағы шоттар" шотында валюта түрлері бойынша шетел валютасындағы шоттардағы ақшалар қозғалысы есепке алынады.

4 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

400 "Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты";

410 "Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің шоты";

420 "Кеден одағы шеңберіндегі түсімдер шоты";

430 "Шетел валютасындағы басқа шоттар".

41. 400 "Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты" қосалқы шотында жеке негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған шетел валютасы есепке алынады.

Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шотына шетел валютасының түсімдері 400 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шотынан шетел валютасын жұмсау (қайта айырбастау) 120 қосалқы шоттың дебеті және 400 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық оң айырма 400 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық теріс айырма 120 қосалқы шоттың дебеті және 400 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

42. 410 "Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің шоты" қосалқы шотында мемлекеттік органдардың лауазымдық адамдардың шетелге іс-сапарға шығуына байланысты шығындарын өтеу үшін беруге арналған нақты шетел валютасы түрінде, сонымен қатар консулдық алымдар түрінде түскен нақты шетел валютасы есепке алынады

Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің шотына шетел валютасының түсімдері айырбастаудан кейінгі 410 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Шетел валютасын жұмсау 120 қосалқы шоттың дебеті және 410 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық оң айырма 410 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық теріс айырма 120 қосалқы шоттың дебеті және 410 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

43. 420 "Кеден одағы шеңберіндегі түсімдер шоты" қосалқы шотында кеден одағына қатысушы елден түскен, қайта айырбастауға және мемлекеттік бюджеттің кірістеріне енгізілуіне жататын шетел валютасы есепке алынады

Кеден одағы шеңберіндегі түсімдер шотына шетел валютасының түсімдері 420 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Шетел валютасын жұмсау (қайта айырбастау) 120 қосалқы шоттың дебеті және 420 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық оң айырма 420 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық теріс айырма 120 қосалқы шоттың дебеті және 420 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

44. 430 "Шетел валютасы бойынша басқа шоттар" қосалқы шотында мемлекеттік мекемелердің шотындағы шетел валютасындағы анықталуға жататын сомалар, қайта айырбастауға және бюджет немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры есебіне жататын шетел валютасының түсімдері, сонымен қатар бюджетке артық (қате) төленген сомаларды қайтаруға арналған шетел валютасы есепке алынады

Шетел валютасы бойынша басқа шоттарына шетел валютасының түсімдері (соның ішінде қайта айырбастау) 430 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Шетел валютасын жұмсау қайта айырбастау және аударымдардан кейін 120 қосалқы шоттың дебеті және 430 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық оң айырма 430 қосалқы шоттың дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бағамдық теріс айырма 120 қосалқы шоттың дебеті және 430 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.";

45, 46-тармақтар алынып тасталсын;

47-тармақта:

бірінші абзацта "түсімі және" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"501 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";

502 "ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";

503 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";

510 "Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу";".

48-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Қазынашылық комитеті 500 "Шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында ҚБШ республикалық және жергілікті бюджеттердің, ақылы қызметтерінің ҚБШ-да, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, Ұлттық қор, нысаналы қаржыландыру, материалдық резервтер ақшаларын есепке алуға арналған шығыстары есепке алады.";

төртінші абзацта "Операция күнін жабу кезінде" деген сөздер алынып тасталсын";

мынадай мазмұндағы 48-1, 48-2, 48-3 тармақпен толықтырылсын:

"48-1. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары есепке алады:

"Шығыстарды жүргізу" 500 қосалқы шотында - жергілікті бюджеттің ҚБШ бойынша шығыстары.

501 қосалқы шотында "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";

502 қосалқы шотында "ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";

503 қосалқы шотында "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";

510 қосалқы шотында "Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу".

501 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында ақылы қызметтерінің ҚБШ-ғы шығыстары есепке алынады.

Жүргізілген шығыстар сомасының әрбір күніне 501 қосалқы шоттың дебеті және 311 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Кассалық шығыстарды ақылы қызметтерінің ЖБ ҚБШ қалпына келтіру 311 қосалқы шоттың дебеті және 501 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

48-2. 502 "ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ-ғы шығыстары есепке алынады.

Жүргізілген шығыстар сомасының әрбір күніне 502 қосалқы шоттың дебеті және 321 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Кассалық шығыстарды демеушілік, қайырымдылық көмектің ЖБ ҚБШ қалпына келтіру 321 қосалқы шоттың дебеті және 502 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

48-3. 503 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ-ғы шығыстары есепке алынады.

Жүргізілген шығыстар сомасының әрбір күніне 503 қосалқы шоттың дебеті және 331 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Кассалық шығыстарды ақшаларын уақытша орналастыру ЖБ ҚБШ қалпына келтіру 331 қосалқы шоттың дебеті және 503 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. 510 "Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында сыртқы қарыздар бойынша шоттағы шығыстар есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша жүргізілген шығыстар 510 қосалқы шоттың дебеті және 302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот" қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.";

50-тармақта:

екінші және үшінші абзацтағы "301" деген сан "380" деген санмен ауыстырылсын;

52-тармақта:

үшінші абзацта "510" деген сан "600" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 52-1 тармақпен толықтырылсын:

"52-1. 6 "Түсімдер" шотында ақшалардың ҚБШ республикалық және жергілікті бюджеттердің, сыртқы қарыздар бойынша шоттағы, ақылы қызметтерінің ҚБШ-да, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, Ұлттық қор, нысаналы қаржыландыру, соманы анықтауға дейінгі, материалдық резервтер шоттарындағы түсімі бойынша операциялар есепке алынады.

6 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

600 "Түсімдерді есепке алу";

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу";

602 "ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу";

603 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу";

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу".

600 "Түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында Қазынашылық комитеті ҚБШ республикалық және жергілікті бюджеттердің, ақылы қызметтерінің ҚБШ, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, Ұлттық қор, нысаналы қаржыландыру, соманы анықтауға дейінгі шоттағы, материалдық резервтер шоттарындағы түсімдері есепке алынады.

БҚШ бойынша жүргізілген түсімдер 600 қосалқы шоттың дебеті және 100 " Бірыңғай қазынашылық шот" қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары есепке алады:

600 қосалқы шоты "Түсімдерді есепке алу" - жергілікті бюджеттің ҚБШ бойынша түсімдері.

601 қосалқы шоты "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу";

602 қосалқы шоты "ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу";

603 қосалқы шоты "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу";

610 қосалқы шоты "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу".

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ақылы қызметтерінің ҚБШ-ғы түсімдері есепке алынады.

ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 311 қосалқы шоттың дебеті және 601 қосалқы шоттың кредиті бойынша жүргізіледі.

602 "ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ-ғы түсімдері есепке алынады.

ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 321 қосалқы шоттың дебеті және 602 қосалқы шоттың кредиті бойынша жүргізіледі.

603 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ-ғы түсімдері есепке алынады.

ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 331 қосалқы шоттың дебеті және 603 қосалқы шоттың кредиті бойынша жүргізіледі.

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында сыртқы қарыздар бойынша шоттағы түсімдер есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша жүргізілген түсімдер 302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот" қосалқы шоттың дебеті және 610 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. 9 "Нәтижелер" шотында жергілікті бюджеттердің атқарылу және сыртқы қарыздар нәтижелері есепке алынады.

9 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

900 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері";

910 "Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижелері"

911 "ЖБ ақылы қызметтері бойынша атқарылу нәтижелері";

921 "ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижелері";

931 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижелері".

Жергілікті бюджеттердің атқарылу нәтижелерін анықтауға 900 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі. Нәтижелері жылдың аяғында 600 қосалқы шоты бойынша қалдықты 900 қосалқы шоттың кредитіне, ал 500 қосалқы шоты бойынша қалдығы 900 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

Бюджет түсімдері мен шығыстарын 900 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 600 және 500 қосалқы шоттары жабылады.

900 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы бюджеттің атқарылу нәтижесі болып табылады.

Бюджет кодексінің 104 бабына сәйкес жыл басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары 900 қосалқы шотта қалады.";

мынадай мазмұндағы 53-1, 53-2, 53-3 және 53-4-тармақтармен толықтырылсын:

"53-1. Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижелерін анықтауға 910 "Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі. Нәтижелері жылдың аяғында 610 қосалқы шоты бойынша қалдықты 910 қосалқы шоттың кредитіне, ал 510 қосалқы шоты бойынша қалдықты 910 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

Сыртқы қарыздар бойынша түсімдері мен шығыстары 910 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 610 және 510 қосалқы шоттары жабылады.

910 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.

53-2. ЖБ ақылы қызметтерінің атқарылу нәтижелерін анықтауға 911 "ЖБ ақылы қызметтері бойынша атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі. Нәтижелері жылдың аяғында 601 қосалқы шоты бойынша қалдықты 911 қосалқы шоттың кредитіне, ал 501 қосалқы шоты бойынша қалдықты 911 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

ЖБ ақылы қызметтері бойынша түсімдері мен шығыстары 911 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 601 және 501 қосалқы шоттары жабылады.

911 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы ЖБ ақылы қызметтерінің атқарылу нәтижесі болып табылады.

53-3. ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің атқарылу нәтижелерін анықтауға 921 "ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі. Нәтижелері жылдың аяғында 602 қосалқы шоты бойынша қалдықты 921 қосалқы шоттың кредитіне, ал 502 қосалқы шоты бойынша қалдықты 921 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмек бойынша түсімдері мен шығыстары 921 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 602 және 502 қосалқы шоттары жабылады.

921 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы ЖБ демеушілік, қайырымдылық көмектің атқарылу нәтижесі болып табылады.

53-4. ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижелерін анықтауға 931 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі. Нәтижелері жылдың аяғында 603 қосалқы шоты бойынша қалдықты 931 қосалқы шоттың кредитіне, ал 503 қосалқы шоты бойынша қалдықты 931 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша түсімдері мен шығыстары 931 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 603 және 503 қосалқы шоттары жабылады.

931 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.";

55, 56, 57-тармақтары алынып тасталсын;

60-тармақта "міндеттемелер", деген сөздер "қарыздар" деген сөздермен ауыстырылсын.

62-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген Ереженің 1, 2, 3, 4, 5, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 20, 21, 22 қосымшалары осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 қосымшаларына сәйкес мынадай редакцияда жазылсын;

"Жергілікті бюджеттерден депозиттерге орналастырылған сомалардың толық жазылуы" 6 қосымшадағы "Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу бойынша құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____" сөздері алынып тасталсын; (қолы) (қолды таратып жазу)

"Қазақстан Республикасының Үкіметіне үкіметаралық келісімдер бойынша берілген кредиттер бойынша есеп" 13-қосымшадағы "Жыл басындағы қаражаттар қалдығы"; "Күн аяғындағы қаражаттар қалдығы" сөздері алынып тасталсын;

"Мемлекеттік мекемелердің аккредитивтер сомаларын есепке алу үшін шоттарындағы қалдықтар туралы мәліметтер" 16 қосымшадағы "Кезеңділігі" деген сөз алынып тасталсын;

Осы бұйрықтың 16, 17, 18, 19, 20 қосымшаларына сәйкес 17, 18, 19, 23, 24 қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (Қ.М. Досмұқаметов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің 2010 жылғы
20 қыркүйектегі № 472 бұйрығына
1 қосымша
Бюджеттік есепке алуды жүргізу
ережесіне 1-қосымша

_____ нысан
(уәкілетті органның атауы)

20__жылға арналған " __ " _____

Бас-журнал кітабы

20__ж ____ күні

Өлшем бірлігі: теңге

